



РЕСЕЙ МЕН ЖАПОНИЯ КУРИЛ АРАЛДАРЫ МӘСЕЛЕСІ БОЙЫНША КЕЛІСІМГЕ КЕЛЕ АЛА МА?

Жапонияда Синдзо Абэнің басқаруындағы кезеңді елдің ішкі және сыртқы саясаты үшін тарихи кезең ретінде сипаттауға болады. Оның екінші рет билікке келуі және бұл кезеңде елеулі саяси дағдарыстың болмауы жапон саяси мәдениеті үшін өте сирек кездесетін жағдай болып табылады. Осылайша Абэ үкіметті ең ұзақ басқарған премьер-министр болмақ. Ол еңбек мигранттарын тартуға және қоғамдағы әйелдердің рөлін қайта қарауға бағытталған еңбек заңдарындағы өзгерістер секілді тарихи реформаларды бастады. Бұл шаралар Жапониядағы еңбек ресурстарының жетіспеушілігін азайту үшін қажет. Абэ экономиканың өсуіне қол жеткізе алды және иен инфляциясын тудырды. Премьер-министр, сондай-ақ қорғаныс күштерінің рөлінде өзгерту енгізді және қалған мерзімде Жапонияда тұрақты қарулы күштерді құруға тыйым салатын Конституцияның 9-бабын қайта қарауға тырысады. Абэ саясатындағы ең назар аударарлық тұстардың бірі – Ресей мен Жапония арасындағы ұзақ уақытқа созылған Курил мәселесін шешу әрекеті. Абэнің Ресей Президенті Владимир Путинмен 25 рет кездесуі Ресей мен Жапонияның шамамен 73 жылға созылған даудың шешімін қалай таба алатынын талдау үшін негіз болып табылады.

Ресей тіпті территориялық даудың бар екенін мойындамайды және тек бейбітшілік шартын жасағаннан кейін ғана мәселені талқылау қажет деп есептейді. Мәселенің мәнін түсіну үшін II Дүниежүзілік соғыс аяқталғаннан кейін қол қойылған құжаттарды қарастыру қажет. Сан-Франциско бейбітшілік шартына сәйкес, Жапония Курил аралдары мен Портсмут бітім шарты бойынша алынған Сахалин аралының оңтүстік бөлігіндегі барлық құқықтардан бас тартты. Алайда Шартта Жапонияның Курил аралдарын КСРО-ның бөлігі ретінде мойындағаны көрсетілмегендіктен, Мәскеу бұл келісімге қол қоймады. Кеңес Одағы мен Жапония келіссөздерді жалғастыру нәтижесінде 1956 жылы Мәскеу декларациясына қол қойды. Бұл құжатқа сәйкес тараптар дипломатиялық қарым-қатынастарды қалпына келтіруге және бейбітшілік шартын жасау туралы келіссөздерді жалғастыруға келісті. Шын мәнінде, сол кезеңде территориялық мәселені реттеу тоқтатылды. Келесі 70 жылда тараптар бейбітшілік шартын жасау жөніндегі жұмыстарды жандандыруға әртүрлі әрекеттер жасады, бірақ нақты ештеңеге қол жеткізе алмады. 1956 жылы Мәскеу екі ел арасында бейбітшілік шартын жасау шартымен Хабомай мен Шикотан аралдарын Жапонияға беруге келісті. Кеңес Одағы ыдырағаннан кейін Ресей Президенті Борис Ельцин аралдардың меншік құқығы туралы келіссөздер жүргізуге келісті. Алайда, елдер ымыраға келмеді және 2004 жылы Ресей «территориялық дау жоқ» деген көзқарасына қайта оралып, 1956 жылғы декларация негізінде мәселе бойынша келіссөздер жүргізуге дайын екендігін білдірді.

Ағымдағы келіссөздер процесі 2013 жылдың сәуір айында Абэ Ресейге алғаш рет сапармен келген кезде басталған болатын. Сапар барысында Абэ Курил аралдары мәселесін шешу үшін қорғаныс және сыртқы істер министрлерінің 2+2 форматындағы кездесулерін өткізу

бойынша жана бастама көтерді. Жапондық тараптың белсенділігінің арқасында барлық деңгейдегі байланыстар күрт өсті. Алайда, күшті бюрократиялық байланыстарды орнату әрекеті сәтсіздікке ұшырады және мұның барлығы 2013-2015 жылдар аралығында екі ел арасындағы сауда-саттықтың бәсеңдеуі аясында болды. Сондықтан, 2016 жылы Соңиге сапарлай барған кезде Абэ Ресеймен экономикалық ынтымақтастықты күшейту үшін сегіз тармақты жоспар арқылы «жана көзқарасты» кеңейтуді ұсынды. Сол жылы жапон үкіметінде Ресеймен экономикалық ынтымақтастық министрі деген арнайы лауазым пайда болды. Сонымен қатар, осы кезеңде Жапония Ресейге қарсы санкцияларды ең төменгі деңгейде енгізді және Вашингтонның күшті қысымына қарамастан, Мәскеуді Қырым аннексиясы, Малайзия әуе жолдарының МН17 ұшағының апатқа ұшырауы және Скрипальдің Солсбериде улануына байланысты сыңа алмады.

Премьер-министр Абэнің осы мәселе бойынша жоғары қайраткерлігі ұлттық әрі жеке мүдделер тарапынан белгіленген бірқатар факторлардың нәтижесі. Ұлттық мүдде – жапон билігінің Ресей мен Қытайдың жақындасуынан қорқуына байланысты туындап отыр. Токио, мұны АҚШ-тың Азия-Тынық мұхит аймағынан айрылып қалуына деген қорқынышымен қатар стратегиялық ортаға қарсы қауіп деп қабылдауда. Бұған қосымша Жапония үкіметі АҚШ-тың қажет болған жағдайда әскери одақ аясындағы міндеттемелерін орындайтынына да күмәнмен қарайды. Өз қорғаныс күштерінің рөлін өзгерту және конституцияның 9-бабына енгізілуі мүмкін өзгерістерге себеп болған да осы еді. Осы себептен Абэ, Курил аралдарына қатысты даудың шешімін Ресеймен қарым-қатынастарды нығайту және Пекиннің Мәскеу үшін маңыздылығын азайту үшін бір мүмкіндік ретінде қарастыруда. Сондай-ақ бұл мәселенің шешімі, Токионың сыртқы саясат тұрғысынан Азия-Тынық мұхит аймағына тәуелсіздігін көрсетіп, ұзақ уақыт бойы елдің экономикалық рөлімен салыстырмалы түрдегі әлсіз саяси рөлін өзгерте алады. Жеке мүддеге қатысты болса, Абэ қызметтен кеткен соң өзінен кейін қалдыратын мұраға байланысты деуге болады. Осы мәселе бойынша Жапония үшін оң шешім бола алатын келісімге қол жеткізу Абэ үшін ел тарихында орын алуына және отбасына қатысты кейбір дау-дамайлардың тоқтауына септігін тигізуі мүмкін. Себебі елдің өткен тарихында премьер-министр ретінде атасы және Сыртқы істер министрі ретінде әкесі осы мәселелермен айналысқан болатын. Экономикалық себептерге қосымша, Ресейдің Жапониямен қарым-қатынастарын дамытудың тағы бір себебі Қытайға байланысты болып отыр. Мәскеу, «шығысқа бетбұрыс» саясатын жариялағаннан кейін, тек ғана Қытаймен байланыстарында айтарлықтай ілгерілеу көрсетті. Пекин мен Мәскеу, Еуразия Экономикалық одағы және Белдеу мен жол инициативасының өзара ықпалдастығымен қатар, көптеген маңызды ынтымақтастық келісім-шарттарына қол қойды. Бір жағынан алып қарағанда, Ресейдің Қытаймен қатынастарының қарқыны дамуы өзі алған бағыттағы жарқын

жемісі болса, екінші жағынан Пекиннің Мәскеудің сыртқы саясатындағы басым рөлін теңестіретіндігі сақталуы керек. Осы себептен Ресей билігі, Токиомен де ынтымақтастық орнатуға мүдделі болып отыр. Оған қоса, Ресей, Жапониямен қарым-қатынастарының дамуы Ресейдің Қиыр Шығысындағы жапон инвестицияларын арттырады деген үмітте.

Сонымен қатар, 2016-2018 жылдарда Жапония мен Ресей арасында маңызды экономикалық дүмпу орын алды. Абэ, жапон іскерлерінің Ресейдің мүмкіндігінше барлық экономикалық форумдарына қатысуына жол ашты. Алайда, іскерлер Ресейге инвестиция салудың қандай да бір пайдасын көре алмаған. Осы себептен, Абэнің барлық экономикалық жоспары жүзеге аспай, жапон инвестицияларында кері кету көрінісі байқалған. Осы шеңберде, келіссөздер үдерісінің қарқыны біршама төмендеген. Жалпы алып қарағанда басқа барлық іс-шаралар, Путинмен жеке қарым-қатынастарды нығайту арқылы үнемі келіссөздерді бастауға тырысатын жапон премьер-министрінің амалдарымен қолдауға ие болған.

Сондай-ақ, 2018 жылдың 11 қыркүйегінде Владивостокта Путиннің жыл соңына дейін бейбітшілік келісін жасауды ұсынуы жағдайды күрт өзгертті. Әсілінде, Ресей президенті мұндай ұсыныс жасауын Абэнің Ресейге қатысты бүкіл саясатының сәтсіздігі деп санауға болады. Өйткені Жапония он жылдан астам уақыттан бері бұндай шешімді қабылдамай келген еді. Жапония территориялық даулар шешілмейінше, ешқандай бейбіт келісім жасалмайтынын ашық білдіріп келді. Сондықтан, Жапонияның ұстанымы бойынша, даудың шешімі табысты шешілуі бейбітшілік келісімінің алғышарты болып табылады. Оның үстіне, Путиннің ұсынысы Мәскеу Декларациясынан да әлдеқайда нашар әрі Токио үшін тиімсіз еді. Ұзақ жылдар бойы жүргізілген келіссөздерге қарамастан, тараптар өткір қарама-қайшылық пен келіспеушіліктерге байланысты ортақ мәмілеге келе алмады.

Екі ел басшысының соңғы кездесуі 2019 жылы 22 қаңтарда Мәскеуде өтті. Путиннің мәлімдемесінен кейін үміт күттіргеніне қарамастан, бұл кездесуде территориялық мәселенің шешілуіне байланысты Ресей мен Жапония үшін де стратегиялық тұрғыдан қажет болып саналатын қандайда бір нақты қадам жасалмады. Сонымен қатар, Кремльдің Курил аралдарына байланысты басты проблемасы: ел экономикасын жаңғырту және Қиыр Шығысты дамыту үшін Жапонияны мүмкіндік ретінде пайдалану, Жапонияны толыққанды серіктеске айналдыру, сондай-ақ, бұл тұрғыда Хабомай мен Шикотан аралдары қолайлы бір компромисс. Бірақ жақын келешекте Ресей Жапониядан бұл жеңілдіктерді ала алмайды. Сондықтан, қазіргі жағдайда Мәскеу келіссөздерді кейінге қалдыруда, әсіресе, Ресей президентінің халықаралық қауымдастықтағы беделі айтарлықтай төмендеген кезде бұл қиын мәселені шешуге ынта танытпауда. Қорытып келгенде, екі елдің жақын келешекте ымыраға келуі қиын. Керісінше, олар қазіргі мүмкіндіктерін жіберіп алуы да мүмкін, өйткені Абэ 2021 жылы қызметтен кетеді.

Жазушы: Әсет Ордабаев,

Еуразия ғылыми-зерттеу институты, Қазақстан

Саясат, сыртқы қатынастар және қауіпсіздік

- Түркия мен Ресейдің теңіз күштері Новороссийск маңында Кара Теңізде бірлескен оқу-жаттығу жұмыстарын өткізді. Жаттығу жоспары бойынша, екі ел кемелері теңіз кен орындарынан кемелердің қауіпсіз навигациясын іске асыру бойынша бірлесе жұмыс жүргізді. Бұл жаттығу 103 кемелің қатысуымен үш теңізде өткен «Көк Отан-2019» (Blue Homeland-2019) деп аталатын Түркияның ұлттық теңіз жаттығуларының бір бөлігі болды.
- Түркменабадта мемлекетаралық шекараны делимитациялау және демаркациялау мәселелері бойынша Түркменстан-Өзбекстан үкіметаралық комиссиясының бірлескен жұмыс топтары кездесуі өтті. Тараптар, демаркациялау сызығының өтуі туралы жоба ұсыныстарын қарастыруды жалғастырып, шекараның жекелеген учаскелерінде далалық демаркация жұмыстарын жүргізуге келісті.
- Ашхабадтағы ЕҚЫҰ Орталығының қолдауымен Түркменстанның Сыртқы істер министрлігі Ауғанстанға қатысты Ыстамбұл үдерісі аясында Аймақтық инфрақұрылымдық сенім шаралары жөніндегі техникалық жұмыс топтарының кездесуі өтті. Шараға қатысушылар, Орталық Азия мен Ауғанстандағы қауіпсіздік, тұрақтылық және экономикалық ілгерілеуді күшейтуге бағытталған аймақтық инфрақұрылымдық жобаларды жүзеге асыру мәселелерін талқылады.
- Қазақстан мен Оңтүстік Кореяның Сыртқы істер министрліктері Сеулде сыртқы істер министрлерінің орынбасарлары деңгейінде кезекті саяси консультациялар өткізді. Тараптар саяси, экономикалық, сауда, мәдени және консулдық салаларда, сондай-ақ халықаралық және аймақтық мәселелер бойынша екі жақты ынтымақтастықты дамытуға қатысты кең ауқымды мәселелерді талқылады.
- Иранға сапары барысында Әзірбайжанның Сыртқы істер министрі Эльмар Мамедъяров Иран президенті Хасан Руханимен кездесті. Тараптар екі мемлекет арасындағы ынтымақтастықтың екіжақты және көп жақты форматтары туралы пікір алмасты және өзара саяси, экономикалық және мәдени байланыстарды тереңдетудің перспективаларын талқылады. Президент Рухани, Таулы Қарабаққа қатысты дауды бейбіт жолмен шешуді қолдайтынын білдірді.
- Ұжымдық қауіпсіздік туралы шарт ұйымына мүше мемлекеттердің құқық қорғау, шекаралық, кедендік, қауіпсіздік және қаржы барлау агенттіктері «Арна-Орталық» халықаралық есірткіге қарсы операцияға қатысты. Үйлестірілген іс-шаралар нәтижесінде 11,4 тонна есірткі, оның ішінде 8,9 тонна апиын, 1,8 тонна гашиш, 221 кг героин, 127 кг марихуана және 205 кг синтетикалық препараттар тәркіленді.
- АҚШ Мемлекеттік департаментінің мәлімдеуінше, кәсіби дипломат Филипп Рикер АҚШ Мемлекеттік хатшысының еуропалық және еуразиялық істер бойынша көмекшісі Весс Митчелдің орнына келді. Рикер, 2008-2011 жылдар аралығында АҚШ-тың Македониядағы елшісі және 2011-2013 жылдар аралығында Еуропа және Еуразия істері жөніндегі бюро хатшысының көмекшісі болды.

Экономика, қаржы және энергия

- Бухарестте өткен Әзербайжан, Грузия, Румыния және Түркменстанның Сыртқы істер министрлерінің төртжақты кездесуінде Каспий теңізі-Қара теңіз халықаралық көлік дәлізін құру туралы бірлескен декларацияға қол қойылды. Орталық Азияны Еуропаға теңіз арқылы қосудың ең қысқа жолы болып табылатын жаңа интермодальды дәліз ынтымақтастық пен аймақтық дамудың артуына жаңа мүмкіндіктер туғызады.
- Түркменстан парламенті 2018 жылдың қараша айында Ашхабадта қол қойылған Әзербайжанмен арадағы табыс салығына қосарланған салық салуды болдырмау туралы келісімді ратификациялады. Құжат екі ел арасындағы, әсіресе, шағын және орта бизнес арасындағы қарым-қатынастардың артуына оң ықпал етеді деп күтілуде.
- Тәжікстан үкіметінің өтініші бойынша Халықаралық валюта қорының (ХВҚ) делегациясы Тәжікстанға қолдау көрсетудің жаңа бағдарламасын іске асыру жөніндегі келіссөздерді жалғастыру үшін Душанбеді барды. ХВҚ сарапшылары елдегі несие портфеліндегі жұмыс істемейтін несилердің үлесінің төмендеуіне назар аударып, сыртқы қарыздарды азайту, шетелдік инвестицияларды тарту, қазіргі заманғы қаржы құралдарын пайдалану және қор нарығын дамыту қажеттілігін атап өтті.
- Варшавада өткен «Invest in Kazakhstan» атты бизнес-форумында «Kazakh Invest» ҰҚ» Қазақстанға инвестиция салудың бәсекелестік артықшылықтарын таныстырды. Атап айтқанда, Польшаның бизнес-қауымдастығы Қазақстандағы инвестициялық жобаларға байланысты мемлекеттік қолдаулар, Астана Халықаралық қаржы орталығы және арнайы экономикалық аймақтар туралы мәліметтер алды.
- Қазақстан мен Австрияның сыртқы істер министрліктерінің Астанада өткен саяси консультацияларында тараптар екі жақты сауда-экономикалық қарым-қатынастардың әлеуетін толық көлемде жүзеге асыруға келісті. Қазақстан жағы ауыл шаруашылығы, жасыл және цифрлық экономика, индустрия және инфрақұрылымды дамыту жобаларын бірлесіп атқаруға мүдделілік танытты.
- Өзбекстанға жасаған сапары барысында Экономикалық даму министрі Максим Орешкин бастаған Ресей делегациясы, мемлекет басшысы Шавкат Мирзиёевпен кездесті және басқа да Өзбекстан үкіметінің өкілдерімен келіссөздер жүргізді. Тараптар, екіжақты қарым-қатынастарды дамыту мәселелерін қарастырып, 2019-2024 жылдарға арналған Өзбекстан және Ресей үкіметтері арасындағы экономикалық ынтымақтастық бағдарламасын талқылады.
- Өзбекстан Орталық банкінің мәліметі бойынша, Қазақстан мен Ресейдің бірнеше сауда банкітері елде Өзбекстанда өз филиалдарын ашуды жоспарлап отыр. Өзбек қаржы нарығында жұмыс істей алу үшін шетелдік банктер белгілі бір талаптарға сай болуы керек. Қазіргі уақытта «Қазақстан Халық Банкі» АҚ Өзбекстанда еншілес банкіні құру үстінде.

Қоғам және мәдениет

- Венгрияға жасаған сапары барысында Түркі мәдениеті халықаралық ұйымының (ТҮРКСОЙ) Бас хатшысы Дүйсен Қасенов Венгрия мен түркі әлемі арасындағы дипломатиялық байланыстарды нығайту мақсатында елдің жоғары лауазымды тұлғаларымен кездесті. Қасенов Венгрия тарапына ТҮРКСОЙ өткізіп келе жатқан іс-шаралар туралы ақпарат беріп, ынтымақтастық мүмкіндіктерін талқылады және мәдениет пен өнер саласындағы бірлеске жобалар өткізу мүмкіндігі туралы пікір алмасты.
- Түркменстанның Сыртқы істер министрлігі және Каспий теңізі мәселелері жөніндегі мемлекеттік кәсіпорын Халықаралық Мұхит Институтымен бірлесіп, Аваз курорттық қалашығында «Каспий теңізі – тұрақты даму және басқару» тақырыбында аймақтық семинар ұйымдастырды. Каспийге шекаралас мемлекеттердің сарапшылары бірегей Каспий экожүйесін және оның бай биологиялық ресурстарын сақтау мәселелерін талқылады.
- Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті Пәкістандағы Карачи университетінде Бірлескен ғылыми-зерттеу орталығы және Инновациялық зерттеулер зертханасын ашты. Екі жоғары оқу орны, ғылыми қызметкерлерді бірлесіп оқыту және биоорганикалық химия, биомедицина, фармакология және жоғары молекулалық және табиғи қосылыстардың химиясы салалары бойынша ғылыми жобаларды бірлесіп жүзеге асырмақ.
- Қазақстан Ұлттық академиялық кітапханасы Қазақстанның Сыртқы істер министрлігі мен Мәдениет және спорт министрлігінің қолдауымен Ресейдің Алтай республикасының астанасы Горно-Алтайск қаласында қазақ әдебиеті мен мәдениет орталығын ашты. Орталық қазақ халқының тарихы мен мәдениеті, қазақ әдет-ғұрыптары мен салт-дәстүрлері, сондай-ақ Қазақстанның әдеби мұрасы, экономикалық, саяси және әлеуметтік жетістіктері туралы мағлұматтармен бөліседі.
- Қазақстан Халықтар Ассамблеясының Астана филиалының қолдауымен Ахысқа түріктері этномәдени орталығы қалалық Достық үйінде Қазақ зағиптар қоғамына мүше көзі нашар көретін адамдарға арналған концерт ұйымдастырды. Бүгінгі күні Астанада көру қабілеті шектеулі 488 адам тіркелген.
- Қазақстан, Қырғызстан және Өзбекстанның ұлттық триатлон федерациясы Орталық Азия Триатлон қауымдастығын құрды. Назарбаев Университетінде өткен қауымдастықтың алғашқы кездесуінде тараптар ынтымақтастық және өзара түсіністік туралы меморандумға қол қойды, атқарушы комитетін сайлады және сондай-ақ, Орталық Азия елдеріндегі триатлонды дамыту және кеңінен тарату туралы келісімге келді.
- XXIX Қысқы Универсиада ойындары Сібірдің Красноярск қаласында өтті. Ресей өз тарихында осындай іс-шараны алғаш рет өткізді. Әлемнің барлық елдерінен 3000-ға жуық спортшылар 11 спорт түрінен 76 медаль жиынтғы үшін жарысқа түсті. Ресей командасы жарыс нәтижесі бойынша 41 алтын, 39 күміс және 32 қола медаль жеңіп алды.